

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
ЖУРНАЛИСТИКА ЖӘНЕ САЯСАТТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ  
ТЕЛERAДИО ЖӘНЕ ҚОҒАММЕН БАЙЛАНЫС КАФЕДРАСЫ



**«Жаһандану кезеңіндегі заманауи телерадиожурналистиканың  
даму тенденциялары» атты қазақ телевизиясының 65 жылдық  
мерейтойына арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік  
конференция  
МАТЕРИАЛДАРЫ**

**МАТЕРИАЛЫ  
международной научно-практической конференции «Тенденция  
развития современной телерадиожурналистики в эпоху  
глобализации» посвященной 65-летнему юбилею казахстанского  
телевидения**

«Жаһандану кезеңіндегі заманауи телерадио журналистиканың даму тенденциялары» атты қазақ телевизиясының 65 жылдық мерейтойына арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция жұмысының

**МАТЕРИАЛДАРЫ**

**Астана, Қазақстан, 14 наурыз, 2023**

**МАТЕРИАЛЫ**

Международной научно-практической конференции  
«Тенденция развития современной телерадио журналистики в эпоху глобализации»  
посвященной 65-летию юбилею казахстанского телевидения

**Астана, 14 наурыз, 2023**

**MATERIALS**

International Scientific and Practical Conference  
The 65th anniversary of the Kazakh Television on the topic  
"The trend of development of modern TV and radio  
journalism in the era of globalization"

**Astana, Kazakhstan, 14 March, 2023**

**ӘӨЖ 070(082)  
КБЖ 76.03я431  
Ж29**

**Ғылыми редакторлар:**

**С.М. Дүйсенғазы** - филол.ғ.к., доцент

**А. Пернебекова** - аға оқытушы

**Жауапты редактор:**

**Р.А. Шакуова** – аға оқытушы

«Жаһандану кезеңіндегі заманауи телерадиожурналистиканың даму тенденциялары» атты қазақ телевизиясының 65 жылдық мерейтойына арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция жұмысының материалдары. 14 наурыз, 2023. – Астана: Еуразия ұлттық университеті, 2023.

Жинаққа «Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Журналистика және саясаттану факультеті Телерадио және қоғаммен байланыс кафедрасы Ж.Баласағұн атындағы Қырғыз ұлттық университетімен бірлесіп қазақ телевизиясының 65 жылдық мерейтойына арналған «Жаһандану кезеңіндегі заманауи телерадиожурналистиканың даму тенденциялары» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция қатысушыларының материалдары топтастырылды.

Жинаққа енгізілген материалдарға автордың өзі жауапты.

2023 жыл.

ӘӨЖ 070(082)  
КБЖ 76.03я431  
Ж29

**ISBN 978-601-337-853-4**

## СПОРТ ЖАҢАЛЫҚТАРЫН ТАРАТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Спорт журналистикасы – спорт тақырыбындағы оқиғалар туралы ақпаратты жинап, өңдеп, сақтап және оны тарататын журналистиканың бір саласы. Оның өзіндік аудиториясы бар, оған кәсіби спортсмендер мен спорт сүйер қауым кіреді. Бүгінде спорт жаңалықтары мерзімді баспасөзде, теле-радио және электронды БАҚ-тың түгелінде дерлік жарияланады. Тіпті кейбір бұқаралық ақпарат құралдарында арнайы спорт жаңалықтарына арналған тұрақты айдарлар бар. Баспасөзде, ақпараттық хабарлама, аналитикалық мақала, есеп, шолу, очерк, интервью ретінде берілсе, телерадио репортаж, интервью, арнайы бағдарламалар арқылы көрініс табады. Қазіргі таңда спорт тақырыбында жазылатын, айтылатын басылымдар мен телеарналар жетерлік. Еліміздегі телеарналар әлемдік додаларға тікелей көрсетілім жасап, халыққа отандық спорт журналистикасының дымып келе жатқанын көрсетуде. Әлемде күніне түрлі спорт додалары болып жатады, соның ішінен іріктеп, ең үздігін отандық БАҚ-та жарыса жазып, хабарлайды. Түрлі спорттық додалар ҚазСпорт телеарнасынан тікелей эфирде қалың көрерменге таратылады. Қазақстандық жанкүйерлер ұлттық құрамамыз бен еліміздің намысын қорғайтын командалардың ойынын дәл осы арна арқылы тамашалай алады. Атап айтқанда: су спорты түрлері, дзюдо, бокс, ат спорты, таэквондо, жеңіл атлетика, грек-рим және еркін күрес, футбол, баскетбол, волейбол, хоккей, шаңғы спорт түрлерінен тікелей трансляция ұйымдастырылады. Телеарна тәулігіне 20 сағат қызмет көрсетеді. Телеарнаның шығармашылық ұжымында өз ісінің білікті мамандары қызмет атқарады. Көптеген елдерде трансляциясы жүріп жатқан Сетанта Спорт арнасының қазақша нұсқасының таратыла бастауы да отандық жанкүйерлердің қызығушылығын арттыра түскендей.

Еліміздегі спорт журналистикасы тек басылымдар мен телеарнада ғана емес, әлеуметтік желілерде кеңінен таралып жүр. Бұл да бір спорт журналистикасының шыққан бір белесі десек те болады. Жаңа медиада көрерменнің бір уақытта жаңалықты қалаған күйінде, яғни, мәтін, фото, видео, дыбыс ресурстары арқылы алуына барынша жағдай жасалған. Тіпті, дәстүрлі журналистика да жаңа платформаның мүмкіндіктерін пайдаланып, контентті соған сәйкес бейімдеп, интернет жүйесінде онлайн қолжетімді болып отыр. Мысалы, біздің еліміздегі спорттық жаңалықтарды әлеуметтік желілердегі тікелей эфир немесе спорт сайттары арқылы интернетте лезде көруге мүмкіндік бар. Интернетті пайдаланушылар саны күн сайын артуда. Сондықтан бұл үрдістің белең алуы заңды құбылыс. Соңғы кезде спорт жаңалықтары сайттарында көрермен көңілінен шығып жүрген репортаж ол – онлайн репортаж. Мұндай репортаждан қысқа форматтағы анализді байқауға болады. Көбіне футбол матчтарындағы маңызды сәттер осы әдіспен таралады.

Жалпы спорт жаңалықтарын таратуға түрлі ақпараттар себеп болады. Әрине ең алдымен, *түрлі жарыстар*. Спорттық жарыстардың мақсаты мықты спортшылар мен командаларды, жоғары спорттық жетістіктерді анықтау, спорттық шеберлікті жетілдіру, дене шынықтыру мен спортты насихаттау. Спорт ұйымдарының,

жаттықтырушылардың, спортшылардың, төрешілердің қызметін объективті бағалауға мүмкіндік береді; халықаралық спорттық жарыстар әртүрлі елдердің спортшылары арасындағы достық пен өзара түсіністікті нығайтудың маңызды құралы болып табылады. Спорттық жарыстардың нәтижелері, көрермендердің орынсыз мінез-құлқы, спортшылардың жарақаттануы, форс-мажорлық жағдайлар, жарыстан шеттету сияқты мәліметтерді арқау етуге болады.

Екіншіден, спорт саласындағы жаңалықтарға арналған *баспасөз конференциялары мен брифингтер*. Әдетте журналистер осындай арнайы шаралар арқылы ақпараттан хабардар болады. Дегенмен, кейде тек баспасөз хабарламасымен шектеліп қана ақпарат тарататын журналистер кездеседі бұл тұрғысында журналист әрі спорттық қоғаммен байланыс саласында қызмет етіп жүрген Әйгерім Тоқсанбек: «Елімізде спорт журналистерін шетелдегі жарыстарға федерациялар мен спорт ұйымдары жібереді. Ал редакция мұндай жарыстарға қаржы бөлмейді. Қазақстан журналистикасындағы ең үлкен аудиторияны ақпарат агенттіктері, әмбебап сайттар алып отыр. Көпшілігінде штаттағы спорт журналисі жоқ. Олар пресс-релизбен шектеледі» деген мәселені айтады. Бұл тағы бір мәселенің ұшын шығарады. Бізде арнайы тек спорт жаңалықтарына ғана бейімделген амандардың аздығы осы саланың өзгелерге қарағанда кешеуілдеуіне әкеледі. «Дамыған елдерде әр спорт түріне маманданған журналист бар. Боксқа осы спорт түрін жақсы білетін, мәнерлеп сырғанауға сол саланың журналисі барады. Ал бізде бүкіл жарысқа баратын топ бірдей, әмбебап журналистерден құралған. Сол себепті де баспасөз конференциясында қойылатын сұрақтар да жалпылама. «Қанша уақыт дайындалдың», «Қарсыласынды танысың ба?» деп сұрайды. Жарыс аяқталған соң «Қандай сезімдесің», «Не жетпеді?» дейтін жаттанды сұрақ қойылады. Халықаралық жарыстарда өзге ел журналистерінің сұрағын естігенде таңданасың. Спортшының әр жекпе-жегін, оның ерекше тұсын жатқа біледі. Әр әдісін талдап сұрайды. Қазақстан журналистері шетелдегі жарыстарға көп бара бермейді. Содан да тәжірибесі аз көрінеді».

Спорт жаңалықтарын таратудағы тағы бір кеңінен қолданылатын әдіс - сұхбат. Ақпараттық, портреттік, проблемалық, жедел, экспертпен сұхбат сияқты түрлері танымал. Сонымен қатар спортшының алдағы жарыстарға арналған жоспарлар туралы пікір, жеке өміріндегі оқиғаларда аудиторияның қызығушылығын тудырады.

Көптеген басқа елдердегідей, Қазақстанда спорттық жаңалықтарды жариялаудың да өз проблемалары бар:

*Спорттың шектеулі танымалдығы*: елімізде футбол, хоккей, бокс және ауыр атлетика сияқты бірнеше спорт түрлері ғана танымал. Бұл басқа спорт түрлеріне деген қызығушылықты айтарлықтай шектейді, өзге спорт түрлеріндегі спортшыларды танылмағандықтан олар қолдаусыз(жанкүйерсіз) қалады.

*Қаржыландырудың жетіспеушілігі*: спорт саласы Қазақстан бюджетінде басым бағыт болып табылмайды, бұл спортшыларды да, бұқаралық іс-шараларды да қаржыландыруды шектеуге әкеледі. Яғни, спорттық жаңалықтарды жариялауға қаржы жетіспейді, бұл саланың өсуіне және дамуына кедергі келтіреді. Бұл елдегі спорттық жаңалықтардың әлеуетін толық пайдалана алмауға әкеледі.

*Республика көлеміне тарайтын телеарналардың аздығы*: Қазақстанда спорт жаңалықтарын жариялайтын телеарналардың саны шектеулі, бұл адамдардың сүйікті спорт түрлері мен спорттық іс-шараларды бақылау мүмкіндігін шектейді.

*Білікті журналистердің жетіспеушілігі*: Қазақстанда спорттық тақырыптарға маманданған журналистер жетіспейді, бұл спорттық оқиғалар мен репортаждардың

сапасына әсер етеді. Бұл жанкүйерлер мен спортшылар арасында жалған ақпарат пен шатасуға әкелуі мүмкін.

*Біржақтылық:* тағы бір мәселе, көбінесе белгілі бір команда немесе ойыншылар, әсіресе саяси немесе қаржылық қолдауы бар спортшылардың жаңалықтары жарияланады. Сондықтан кейде лайықты спортшыларға немқұрайлы қарап, олардың мүмкіндіктері көрсетілмейді.

*Инновациялардың болмауы:* бұдан басқа, Қазақстандағы спорт жаңалықтары технологиялық жетістіктерді толық қамтымайды, нәтижесінде көптеген жанкүйерлер спорт жаңалықтарына цифрлық платформалар арқылы қол жеткізе алмайды. Бұл жанкүйерлер маңызды оқиғаларды өткізіп жіберуі мүмкін дегенді білдіреді, бұл спорт жаңалықтарының жалпы тартымдылығын төмендетеді.

*Спорт мәдениетін дамытудың төмен деңгейі:* Қазақстанда үнемі спортпен шұғылдану және спорт жаңалықтарын қадағалау әдеттері әлі жеткілікті дамымаған. Көптеген адамдар бос уақыттарын демалыста өткізуді жөн көреді, бұл спорттық бағдарламалардың әлеуетті аудиториясын шектеуге әкеледі.

Спорт - экономикалық жағынан мол қаражат көзі жинақталған сала болса, коммуникация жағынан ел имиджі ретінде қарастырылады. Сол ақпаратты жеткізу спорт журналистеріне міндеттеледі. Әр журналист өзіне жақын саланы толық меңгеріп, кәсіби немесе одан да терең деңгейде сұхбаттаса алса, мамандарға нақты сұраныс қою деңгейі өседі. Яғни, журналист кәсіби мамандардың терминін түсіну арқылы халыққа қарапайым тілде жеткізе алу үшін өзі де сол саланы жақсы игерген болу керек. Қалың көпшілікке ақпаратты әмбебап мамандардан гөрі, бір немесе ұқсас бағытты жетік меңгерген кәсіби журналистің хабарлауы өтімді болады.

Әрбір спортшының жеңісі оның өсіп өнген ауылына, облысына, еліне абырой, даңқ әкелетіні сөзсіз. Ал, спортшылардың жеңісі, олардың кәсіби жаңалықтағы мен жеке өміріндегі тың оқиғаларды қалың жұртшылыққа жеткізу спорт журналистеріне міндеттеледі. Әлемнің түкпір-түкпірінде болып жатқан түрлі додаларды әрбір жанкүйер өз үйінде жатып ақ, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы біліп, құлақтанады. Спорт саласын дәріптеуде де журналистердің маңызы зор. Әрбір спортшының жетістігін жеткізе отырып, өзгелерге мотивация бере алады. Сонымен қатар, жанкүйелердің психологиялық көңіл күйіне де әсер етуі әбден мүмкін. Сондықтан спорт журналистикасының кемшіліктерді ескере отырып, әрі қарай дамуы керек. Өйткені әлемдік ареналарда еліміздің байрағы аспандауына жалғыз спортшы ғана емес, бапкерлерінен бастап билік өкілдері және жанкүйерлері де себеп бола алады. Ал, спорт сүйер қауымға болып жатқан оқиғалармен күнделікті ақпаратты жеткізіп қана қоймай, спорт саңлақтарын таныту, мәртебесін арттырып, марқайту да спорт журналистерінің міндеттерінің бірі.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Михайлов, С. А. Спортивная журналистика / С. А. Михайлов, А. Г. Мостов. М. : Издво Михайлова В.А., 2005.
2. Киуру К. В. Типология информационных поводов в спортивной журналистике. Вестник Челябинского государственного университета. 2012. № 5 (259). Филология. Искусствоведение. Вып. 63. С. 88–91.
3. Маратова Д. Әйгерім Тоқсанбек: Қазақ медиасы спорт тақырыбын пресс-релизбен шектеп отыр. Baribar.kz <https://baribar.kz/198879/ajgerim-toqsanbek-qazaq-mediasy-sport-taqyrybyn-press-relizben-shektep-otyr/>